

**Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша  
білім беру орталығы «Жас домбырашылар» үйірмесінің жетекшісі  
Нарманова Сәуленің 2024-2025 оқу жылындағы  
бірінші тоқсандық анықтама есебі**

2024-2025 оқу жылында «Жас домбырашылар» үйірмесіне 60 оқушы жинақталды. Үйірмеге қатысушы оқушылар тізімі алынып, өтініштер толтырылды. Жаңа оқу жылына жылдық жоспар, журнал, сабақ кестесі құжаттары дайындалып бекітілді.

**Үйірменің мақсаты:**

Үйірме мүшелерінің домбыраға деген ынталарын ашып, аспаптың құрылысымен танысу, нота сауатын ашу, танымдық шығармашылық қабілеттерін арттырып, икемділіктерін дамыту.

«Жас домбырашылар» үйірме мүшелері бірінші тоқсан барысында жоспар бойынша оқу – тәрбие жұмыстарына белсене араласа білді.

Жоспар бойынша оқушылар домбыра аспабының құрылысымен танысып, домбырада қалай отыруды, қалай қағыстар қағуды үйреніп, практикалық жұмыс жүргізді. Сонымен қатар тәрбиелік іс - шараларда белсенділік танытып, биіктерден көріне білді.

5 қыркүйек күні мектебімізде өткізілген «Тілім менің ғасырларға аманат» атты тілдер мерекесі күніне орай өткізілген шарада «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері өз өнерлерін көрсетті.

23 қыркүйек күні Қызылорда Облыстық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен «Архив және болашақ ұрпақ» республикалық жобасы аясында өткізілген облыстық Ашық есік күніне «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйін ойнап, көрермендердің ықыласына бөленді.

2024 жылдың 1 қазан күні мектебімізде Ардагер ұстаздармен кездесу болып өтті. Осы кездесуде «Жас домбырашылар» ансамблі – ұстаздарға арнап Бауыржан Ақтаевтың «Алаш аманаты» күйін орындап күйден шашу шашты.

25 қазан күні Республика күніне орай Қызылорда Облыстық мемлекеттік архивінің «Жас архивистер мен тарихшылар» клубының ұйымдастыруымен өткізілген «Тұғыры биік, менің елім Қазақстан» тақырыбындағы жас ақындар арасындағы облыстық патриоттық жыр байқауында «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері Сейдуллаұлы Рамазан мен Дәулетқали Ардақ өз өнерлерін көрсетіп «Алғыспен» марапатталды.

**«Жас домбырашылар» үйірмесінің жетекшісі:**  **Нарманова С.**